

Сәрсенбінің сәтті күнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Әкімовтың қатысуымен брифинг өтті. Бір ерекшелігі, Олжас Азатұлы қашанда өзімен бірге спорттың әр түрінде жеңімпаз атанып, ел намысын қорғап жүрген қызылордалық өрендерді баспасөз мәслихатына ертіп әкеліп, БАК өкілдерімен бетпе-бет жүздестіреді, кері байланыс орнатқызады.

Осы жолы басшылықтың тандауы жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаттарынан жүлдегер атанған спортшыларға тиісті. Болашағынан көп үміт күттіретін жас таланттарға деген елдің ықыласы ерекше. Оны әріптестеріміздің сауалдарынан да байқадық. Артта қалған айларды қорытындылап, алдағы жоспарды айқындап беруге арналған жиын сонында Сыр спортына қатысты сұрақтар да қойылды.



Спикерлердің қатарында ауыр атлетикадан жасос-пірімдер арасында Әлем чемпио-ндары Сәпи Есенкелді мен Рахат Бекболат, таэкв-ондодан жасоспірімдер арасында Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Айша Әділбекқызы және еркін күрестен жасоспірімдер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері Бекзат Тәжі секілді қыз-жігіттер болды.

Алғаш соз кезегін алған баскарма басшысы алдағы отетін Әлем чемпионаттарына кызылордалык спортшыларды катыстыру, дайын-дыгын камтамасыз ету мәселесіне токталып отті. Сондай-ак, ондагы сырбойылык спортшылардын әлеуеті жак-сы-екендігін алга тартты.

Жалпы, казіргі танда облыста дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шв-гылданушылар катары 29 па-йызга котеріліп, 231 613 адам-г-а жетіп отыр. Бvкаралык спортты дамыту үшін бvгінде мемлекеттік-әлеуметтік тапсыр-ыс аясында 282 спорт нvскаушы 138 елді мекенді камтып, 41 мын адамды тұрақты дене шынықтырумен швгылдануга баулып келеді. Балалар-жасоспірімдер спорт мектептерінде, спорт клубтарында дене шынықтыру және спортпен швгылданатын 7-18 жас аралыгындагы балалар мен жасоспірім-дер саны 23 058-ге жетіп, 15 пайызды құрап отыр.

Рас, бvкаралык спортты дамытудын негізгі жолы – жарыстарды коптеп откізіп, халыкты спортка тарту, кызыктыру. Осы максатта облыс аумагында 2019 жылдын I жартыжылдыгында 712 бvкаралык спорттык іс-шара откізіліп, оган 125 755 адам катыскан.

Сонын ішінде мектеп окушыларынын арасында «Нашакорлыкка жол ЖОК!» «Бәрін де жарыска!» атты конілді эстафетада және ұлттык спорт түрлерін одан ары дамыту максатында казак күресіне-н откен «Алтын белбеу» турнирлерінде 16 мынга жуык спортшы бак сынаган.

Облыс әкімінін жылдесіне арналган мемлекеттік кызметкерлер арасында спартакиада, облыс тарихында алғашкы рет бокстан ерлер арасында КР спар-такиадасы, парадзюдодан халыкаралык турнир, жекпе-жек сайысынан КР кубог-ы және т.б. кешенді жарыстар, облыс-тык, республикалык турнирлер ұйымдастырылып, халыкты саламатты өмір сүруге және спортка тарту багы-тындагы жvмыстар жүргізілуде.

- Жыл басынан бері спорт түрлерінен 16 Казакстан Республикасынын чем-пионаты (бокс (жасөспірімдер), кол добы (жасөспірімдер), көкпар (жасөспірімдер), муайтай, тоғызкүмалак, ауыр атлетика,- шайбалы хоккей, кол добы (эйелдер), спорттык би, бокс (ерлер), эмбебап жекпе-жек, тоғызкүмалак (ардаге-рлер), кикбоксинг, шахмат, дзюдо),- 8 халыкаралык және 25 республикалык турнир өткізілді.

Сондай-ақ, футболды дамыту мақсатында алтыншы жыл қатарынан қала мен аудандарда бес ай бойы (мамыр-қыркүйек) футболдан облыстық чемпионат және жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында шағын футбол лигасы мамыр-қазан айлары аралығында өтуде. Дәстүрлі түрде бұқаралық веломарафон және жүгіру маусымы да жалғасуда, - деді басқарма басшысы Олжас Азатұлы.

Халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін ұлғайту және шұғылданушылар санын арттыру барысында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында биыл 21 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Былтыр 9 жоба іске қосылған еді. Байқадыңыз ба, биыл екі еседен де көп. Әрине, бұл – өз кезегінде спортқа деген жана-шырлық, қолдау.

Жыл басында «Мүгедектерге арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, жоғары білікті спортшыларды даярлау жұмыстары жалғасуда. Жалантос Бағадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне құрделі жондеу жұмыстары, Жоғары спорт шеберлігі мектебі, «Евразия» спорт кешені, №1, 2 және №5, аудандағы №8, 13 және №19 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептеріне жондеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, Кармакшы ауданы, Жосалы кентіндегі орталық стадионға ағымдағы жондеу жұмыстары аяқталса, Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі орталық стадионға жондеу жұмыстары жүргізілуде. Өз кезегінде Г.Мұратбаев атындағы орталық стадионның қайта жаңғырту жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілгені футболсүйер қауым үшін ерекше жаңалық болды.

Спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қала, аудан мектептеріне былтырғы жылы 8 автокөлік берілсе, биылғы жылы №3 спорт мектебі 2 автокөлікпен қамтамасыз етілмек.

Бұқаралық спортты дамытумен қатар, бәсекеге қабілетті, біліктілігі жоғары спортшыларды өзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Жоғарғы білікті спортшылар және спорт резервін өзірлеу бағытында Олимпиада резервін даярлау орталығы, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі және 21 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі лайықты жұмыс істеп жатыр. Бұл мектептерде 20597 оқушы спорттың 41 түрінде жаттығады. Сонымен қатар, бүгінгі

күні 7 аудан орталығында және Қызылорда қаласында 8 дене шынықтыру-сауықтыру клубында 11789 адам спортпен тұрақты шұғылданады.

- 2019 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде- спортшыларымыз КР чемпионаттарында 907 (оның 272-сі – алтын, 248-і – күміс, 387-сі – қола) медальді жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаттарында 48 (алтын – 17, күміс – 19, қола – 12) медальға қол жеткізді. Және 1 КР еңбек сіңірген спорт шебері, 5 КР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 18 КР спорт шебері, 646 спорт шеберлігіне үміткер, I разрядты 110 спортшы дайындалса, облыс-тың 578 спортшысы КР Ұлттық құрама сапына енді, - деген дерек кел-тірді Сырдың бас спортшысы.

Жыл басталғалы бері қызылордалық спортшылар неше мәрте сүйіншілетті дейсіз? Оны санау мүмкін емес. Әрине, барлығын бір брифингте, бір мақалада қамту мүмкін емес. Десе де, рейтингі жағынан басым болған спорт жарыстарының нәтижесі жариялауға тұрарлық. Жапонияның Токио қаласында қаратэдодан ерлер арасында Нұржан Ақпанбет және Жапонияның Сайтама қаласында мәнерлеп сырға-наудан Элизабет Тұрсынбаева Әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленді. Сәуір айында Түркияның Анталия қаласында шахматтан откен оқушылар арасында Әлем чемпионатында Нұрғали Назерке жеңімпаз атанса, мамыр айында Жапонияның Токио қаласында пауэрлифтингтен откен Әлем чемпионатында Фархад Каналбеков жеңіске жетті. Таиландтың Бангкок қаласында отырып ойнау волейболынан откен Азия чемпионатында Әрік Қасқабаяев пен Шыңғыс Медеуов Қазақстан құрама команда сапында оңер көрсетіп, қола жүлдені иеленді. Әлгінде айтқанымыздай, мұндай жетістіктер өте көп.

- Біздің жарыс наурыз айында АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өтті. Шынын айту керек, оңай болмады. Ел намысы үшін барынша тырыстым. Жарысқа дайын-даған бапкерлеріме, жағдай жасаған спорт басқармасына өз алғысымды білдіремін, - деді ауыр атлетикадан жасоспірімдер арасындағы әлем чемпионы Сәпи Есенкелді.

Сонымен қатар, «Қайсар» футбол клубы КР чемпионатында 10 тамыздың нәтижесі бойынша 22 ойыннан 37 ұпай жинап, 5-орынға тұрақтады. Биыл «Қайсар» 20 жылдан кейін КР кубогының финалына шығып отыр. Финал 30 қазан күні Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Арена» стадионында өтеді. «Қасқырлардың» қарсыласы – «Атырау» футбол клубы.

Брифинг соңында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Олжас Азатұлы алдағы міндеттер туралы айта кетті. Басқарманың баспасөз хатшысы ұсынған деректі қаз-қалпында оқырманға ұсынғанды жөн көрдік. Ойткені, алдағы міндеттерді мұлтіксіз орындау – басшылықтың басты міндеті.

Рыскелді ЖАХМАН

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының

алдағы міндеттері:

- жүйелі дене шынықтырумен айналысушылар санын 30 пайызға жеткізу;

- спорт түрлерінен Әлем, Азия және Қазақстан Республикасының чемпионаттарына спортшылардың (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі) дайындығы мен қатысуын қамтамасыз ету;

- облыс спортшыларының спорт түрлерінен 2020 жылы Токио қаласында (Жапония) өтетін Олимпиада ойындарына жолдама алуын қамтама-сыз ету;
- «Локомотив» стадионына күр-делі жолдеу жұмыстарын бастау;
- «Нұрсәт» теннис орталығының 4 жабық теннис кордының құрылыс жұмыстарын аяқтау;
- «Қайсар» футбол клубымен Премьер-лигада жылделі орынды иелену және ҚР кубогының жеңімпазы атану.